



44

Менің көршілерім

- Артикуляциялық жаттығу
- Саусақ жаттығуы
- Көз жаттығуы

Абайлап қадам жасаймыз,
Жан жағымызға қараймыз.
Қиылыста қарсы алады, бағдаршам,
Жол ережесін жаттаймыз.



Кел сөйлесейік...

Мақсаты: балалардың білімдерін жан-жақты кеңейтіп, ересектермен қатарластары арасындағы диалогтық қарым-қатынасты қалыптастыру. Адамдармен қарым-қатынасын нығайтып, мейірімділікке, сенімділікке, өзгелерді құрметтеуге үйрету.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балаларға көрнекілік сурет арқылы сұрақтар қояды.

- Сурет бойынша көршілерің туралы айтып бер. Суретте кімдер, нелер бейнеленген? (Үйлер, адамдар, көршілер) Балалар суреттерін көрсетеді.
- Жақсы көршілер қандай болады?
- Жақсы көршілер мейірімді.
- Жақсы көршілер тыныш.
- Жақсы көршілер көршілерін құрметтейді.
- Жақсы көршілер бір-біріне көмекке келеді.
- Жақсы көршілер сенімді достар.

Педагогтің міндеті: балалардың әрекетін мадақтауы қажет.



Қажетті құралдар: көрнекілік суреттер, жұмыс дәптері.

Менің әлемім

Мақсаты: «көршілер» сөзіне түсінік беру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балаларды көршілермен тату болуға, оларға қамқор болуға тәрбиелейді.

Ойынның көмегімен суреттегі көріністерді сипаттауы арқылы балалардың өзіндік сөздік қорын, қоршаған ортаны қабылдауын бақылап көреді.

– Суретте балалар не істеп жүр? Сурет бойынша әңгімеле.



Балалар суретте көрші үйлердің балалары тату ойнап жүргенін айтады.

Балаларға кеңестер беру:

1. Үй айналасындағы аулада, таза ауада көбірек уақыт өткізу керек.
2. Үлкендермен серуендерге бару керек.
3. Көршілермен амандасу керек.
4. Көрші балалармен тату ойнау керек.
5. Үй жануарларына қамқор болған жөн.

Педагогтің міндеті: балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек. Балалардың әрекетін мадақтауы қажет. Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Қажетті құралдар: көрнекілік суреттер, жұмыс дәптері.

Ертегі әлемі

«Үйшік» ертегісі.



Сергіту сәті .

Қане, қызық ойындар,
Қатарлана қойындар.
Отырындар, тұрындар,
Маған мойын бұрындар.
Қолымызды жайып,
Құстай қанат қағып,
Аяқты бір басындар.
Қане, тағы, тағы да,
Қол соғайық жабыла,
Қане, тағы, тағы да.

Өзіміз жасаймыз

Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын және саусақтардың қимылдарын дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: «жұлдызқұрт» мүсіндейміз.

Балалар педагогтің түсіндіруімен жұлдызқұртты мүсіндейді. Мүсінді жасау



амалдары мен жасалу жолын түсіндіреді.

Педагогтің міндеті: балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек. Балалардың әрекетін мадақтауы қажет. Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Қажетті құралдар: ермексаз, тақтайша.

Сызықты жалғастырып сыз

Мақсаты: балалардың зейінін шоғырландыру, байқампаздыққа, жинақылыққа дағдыландыру. Саусақ моторикасын дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар педагогтің түсіндіруімен суреттегі сызықтарды ауауда сызып көрсетіп, дәптерде қаламмен бастырып жазады.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері.

Сергіту сәті



Пішіні, көлемі, түсі

Кең – тар.

Мақсаты: балаларға екі қарама-қарсы және бірдей заттарды кең немесе тар екендігі бойынша салыстыра білуді үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар заттарды «кең», «тар» сөздерін қолданып салыстырады. Салыстыру арқылы сараптау дағдыларын арттырады. Педагогтің нұсқауын дұрыс орындауға, ұқыптылыққа үйренеді.

Кең, тар жолды көрсетеді. Сурет бойынша Мағжан қай жолмен жүрсе қайда баратынын анықтайды.

– Кең жол қайда апарады?

– Тар жол қайда алып барады?

Педагогтің міндеті: балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек. Балалардың әрекетін мадақтауы қажет. Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері.

Ойнайық, ойлайық

Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: «жалпы атауын ата» ойыны.

Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен айтқызу. «Көкөністер» деген сөзге сөйлем құрастыру, көкөністер қалай өсіп шығатынын қимылмен көрсету. Түстеріне, пішініне қарап бір-бірінен айырмашылықтарын айту.

Ойынның барысы.



Педагог балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын дәлелдеп айтуы тиіс.

Мысалы: алма, өрік, алмұрт жемістерге жатады. Өйткені олар жеміс ағаштарында өседі.

Педагогтің міндеті: балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек.

Қажетті құралдар: жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздары.



Күтілетін нәтижелер: балалардың адамдармен қарым-қатынасы нығайып, мейірімділікке, сенімді болуға және бір-бірін құрметтеуге үйренеді. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі артады, дүниетанымы кеңейеді. Саусақ моторикасы, логикалары дамиды. Байқампаздыққа, жинақылыққа, шапшаңдыққа дағдыланады.